

№1 «Еркетай» Алға бөбекжай-балабақшасында өткізілген қамқоршылық кеңес отырысының хаттамасы №1

Күні: 02.09.2025 ж
Қатысушылар: 7 адам

Күн тәртібінде:

1. №1 «Еркетай» Алға бөбекжай-балабақшасы МКҚК Қамқоршылық кеңесінің құрамын бекіту.
2. Қамқоршылық кеңесінің 2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын құру және бекіту.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша: Балабақша меңгерушісі Қамқоршылық кеңестің қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылатынын атап өтті.

Қамқоршылық кеңес білім беру ұйымының қызметіне қоғамдық бақылау жасау, материалдық-техникалық базасын нығайтуға қолдау көрсету, тәрбиеленушілердің қауіпсіздігі мен сапалы білім алуына ықпал ету мақсатында құрылатыны айтылды. Қамқоршылық кеңес құрамына ата-аналар өкілдері, педагогтер, жергілікті қоғамдастық және ұйым өкілдері енгізілетіні хабарланды. Ұсынылған кандидатуралар таныстырылып, талқыланды.

Екінші мәселе бойынша:

2025–2026 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарының жобасы ұсынылды. Жоспарда келесі бағыттар қамтылды:

- Балабақшаның даму жоспарына қолдау көрсету;
- Материалдық-техникалық базаны нығайтуға ықпал ету;
- Қайырымдылық және демеушілік жұмыстарын ұйымдастыру;
- Қаржылық қаражаттың мақсатты жұмсалыуына бақылау жүргізу;
- Тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері;
- Ата-аналармен өзара ынтымақтастықты арттыру.

Жоспар жобасы талқыланып, ұсыныстар енгізілді.

ҚАУЛЫ:

1. №1 «Еркетай» Алға бөбекжай-балабақшасы МКҚК Қамқоршылық кеңесінің құрамы бекітілсін.
2. Қамқоршылық кеңесінің 2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін.
3. Қамқоршылық кеңес өз қызметін қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес жүргізісін.
4. Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау балабақша меңгерушісіне жүктелсін.

Қамқоршылық кеңес
төрағасы:



Аметов Е.Д

Хатшы:



Жұмағалиева Г.Т